

Арал ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 27 желтоқсандағы "Аудан халқын қоғамдық және әлеуметтік жұмыстармен қамтуды ұйымдастыру шаралары туралы" N 151 қаулысына ішінара өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 26 қыркүйектегі N 129 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2011 жылы 13 қазанда N 10-3-189 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 11 наурыздағы N 38 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2012.03.11 N 38 қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңын басшылыққа ала отырып, Қызылорда облыстық әділет департаментінің 2011 жылғы 8 тамыздағы N 2-17/3074 санды "Заң бұзушылығын жою туралы" ұсынысына сәйкес Арал ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 27 желтоқсандағы "Аудан халқын қоғамдық және әлеуметтік жұмыстармен қамтуды ұйымдастыру шаралары туралы" N 151 қаулысына ішінара өзгерістер мен толықтырулар енгізу мақсатында Арал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Арал ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 27 желтоқсандағы "Аудан халқын қоғамдық және әлеуметтік жұмыстармен қамтуды ұйымдастыру шаралары туралы" N 151 қаулысының (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылғы 31 қаңтарда N 10-3-176 нөмірімен тіркелген, аудандық "Толқын" газетінің 2011 жылғы 12 ақпандағы N 13 санында ресми жарияланған) 7-тармағындағы "осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі", - деген сөз тіркестері "осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі", - деген сөздермен ауыстырылып, өзгертіліп оқылсын.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Е. Р а й м б е т о в к е жү к т е л с і н .

3. Қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Арал ауданының әкімі

Н. Мұсабаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК